

Ж.С. Макашева^{1*}, **Э.К. Саудабекова²**, **М.К. Ташбулатова²**

¹Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті,
Қазақстан, Алматы қ.

²Нархоз университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: zhannat.makasheva@mail.ru

«ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ» ТҰЖЫРЫМДАМАСЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ДИСКУРСЫ: САЛЫСТЫРМАЛЫ САРАПТАМАЛЫҚ ТАЛДАУ

Мақалада Рейнгольд Нибур және Ганс Моргентау еңбектері негізінде саяси реализм теориясының қағидалары қарастырылған. Халықаралық қатынастар теориясының даму тарихында саяси реализм теориясы ең алғашқы болып «ұлттық мүдде» тұжырымдамасын талдай бастады. Ұлттық мүдделерді қорғау – мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етудің басты бағыттарының бірі. Саяси реализмді жақтаушылар кез келген мемлекет өзінің ұлттық мүдделеріне немқұрайлы қарамауы керек, – деп санайды. Мемлекеттердің ұлттық мүдделері олардың арасында қалыптасатын қатынастарға тікелей әсер етеді. Ұлттық мүдделер – бұл халықаралық қатынастардың тұрақты негізі.

Халықаралық қатынастардың қалыптасуы мен дамуына елдің географиялық орналасуы, оның саяси, әлеуметтік, экономикалық, мәдени даму деңгейіне байланысты. Рейнгольд Нибурдың тұжырымдамасы бойынша ұлттық мемлекет дегеніміз – өзінің ерекше миссиясы бар қоғам деп санайды. Ұлттық мемлекет өз азаматтары мен сыртқы әлем алдындағы міндеттемелері бар азаматтық қоғам. Ұлттық мемлекеттің қалыптасуына ел азаматтарының мемлекеттің көрсетілген трансцендентальды қызметіне сенімі және азаматтардың өз мемлекетіне деген адалдығы әсер етеді. Ол сондай-ақ азаматтардың мемлекетке деген сенімнің плюралистік, генотеистік және монотеистік түрлері бар деп санайды. Ганс Моргентау халықаралық қатынастарды мемлекеттер арасындағы қайшылықтардың сахнасы ретінде қарастырады.

Ғылыми зерттеудің мақсаты әдебиеттерде кездесетін «ұлттық мүдде» тұжырымдамасының теориялық дискурсты салыстырмалы түрде сараптамалық талдау жасау. Зерттеудің негізгі бағыттары тұжырымдама бойынша сараптамалық анықтама беру арқылы ұлттық мүдденің теориялық дискурсына шолу жасай отырып, қалыптасқан идеяларды жаңа геосаяси шынайылықтардың негізінде жаңарту болып табылады. Жұмыстың ғылыми және тәжірибелік маңыздылығы теориялық дискурстың ХХІ ғасырда орын алып отырған акторлардың белсенді түрде ұлттық мүдделерді қорғау мақсатындағы бастамаларының маңыздылығы болып табылады. Зерттеу әдістемесі ретінде тек салыстырмалы сараптамалық әдістемесі қолданылды, себебі тақырыптың өзектілігіне орай бүгінгі таңда акторлардың жаңаша көзқараспен іс-қимыл әрекеттері белсенді түрде жүзеге асырылуда. Ғылыми зерттеудің негізгі нәтижелері, талдау және тұжырымдамасына байланысты сарапшылар мен шешім қабылдау тұлғаларға тәжірибелік кеңес беру арқылы тарихи фактордың да өзектілігін ашып көрсетеді. Бұл ретте, шешім қабылдаушылардың тек бүгінгі заманауи идеялардың өзектілігінде емес, сонымен қатар теоретиктердің тұжырымдамалық идеялары өзектілігін жоғалтқан жоқ. Жүргізілген зерттеу жұмысының маңыздылығы әлеуметтік-гуманитарлық ғылымға теориялық дискурс арқылы кішігірім үлес болып табылады. Жұмыс қорытындысының тәжірибелік маңыздылығы ретінде академиялық орта мен тәжірибелік шешім қабылдаушылардың назарына пайдалы кеңес ретінде қабылдануында.

Түйін сөздер: ұлттық мүдделер, саяси реализм, халықаралық қатынастар теориясы.

Zh.S. Makasheva^{1*}, E.K. Saudabekova², M.K. Tashbulatova²

¹Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages, Kazakhstan, Almaty

²Narxoz University, Kazakhstan, Almaty

*e-mail: zhannat.makasheva@mail.ru

The theoretical discourse of the “national interest” concept: comparative analysis

The article examines the principles of one of the theory of international relations – the theory of political realism – on the example of the works by Reinhold Niebuhr and Hans Morgenthau. In the history of the development of theories of international relations, the theory of political realism was the first

to analyze the concept of “national interest” by and large. The protection of national interest is one of the main directions in ensuring state security. The supporters of political realism believe that any state should not be unserious about its national interests. The national interests of countries determine the nature of relations between countries. The national interests are the stable basis of international relations.

The formation and development of national relations is influenced by the geographic location of the country, the level of its political, social, economic, and cultural development. Reinhold Niebuhr believes that the nation-state is a community with a specific mission. It is a society that takes on obligations to its citizens, to the outside world. The formation of a nation-state is influenced by such factors as the confidence of citizens in the country within the indicated transcendental activities of the state and the devotion of citizens to their country. He also believes that there are pluralistic, henotheistic and monotheistic types of citizens’ trust in their country. Hans Morgenthau views international relations as an arena of contradictions between countries.

The aim of the study is to conduct a comparative analytical analysis of the theoretical discourse of the concept of “national interest” found in the literature. The main areas of research are updating existing ideas about the concept based on new geopolitical realities, considering the theoretical discourse of national interests by providing an expert definition of the concept. The scientific and practical significance of the work lies in the importance of the theoretical discourse of the initiative actors of the XXI century in the active protection of their national interests. The comparative analytical method was used as a research method, since today, due to the relevance of the topic, actors are actively using a new approach. The historical results also show the relevance of the factor through practical guidance to experts and policy makers, depending on the main findings of the study, analysis and concept. At the same time, decision-makers have not lost their relevance not only in the relevance of modern ideas, but also in the conceptual ideas of theorists used in the article. The importance of research is a small contribution to the social sciences and humanities through the theoretical discourse of demonstration analysis. The practical significance of the results of the work lies in the perception of the academic environment and persons making practical decisions as a recommendation.

Key words: national interests, political realism, theory of international relations.

Ж.С. Макашева^{1*}, Э.К. Саудабекова², М.К. Ташбулатова²

¹Казахский университет международных отношений и мировых языков
имени Абылай хана, Казахстан, г. Алматы

²Университет Нархоз, Казахстан, г. Алматы

*e-mail: zhannat.makasheva@mail.ru

Теоретический дискурс концепции «национальный интерес»: сравнительный анализ

В статье рассматриваются принципы одной из теории международных отношений – теории политического реализма – на примере трудов Рейнгольда Нибура и Ганса Моргентау. В истории развития теорий международных отношений теория политического реализма первой начала анализировать понятие «национальный интерес». Защита национального интереса является одной из главных направлений в обеспечении государственной безопасности. Сторонники политического реализма считают, что любому государству нельзя несерьезно относиться к своим национальным интересам. Национальные интересы стран определяют характер отношений между странами. Таким образом, национальные интересы являются стабильной основой международных отношений.

На формирование и развитие национальных отношений влияют географическое расположение страны, уровень ее политического, социального, экономического, культурного развития. Рейнгольд Нибур считает, что национальное государство представляет из себя сообщество, имеющее свою особенную миссию. Это общество, которое берет на себя обязательства перед своими гражданами, перед внешним миром. На формирование национального государства влияют такие факторы, как доверие граждан страны указанному трансцендентальной деятельности государства и преданность граждан своей стране. Он также считает, что есть плюралистические, геноцистические и монотеистические типы доверия граждан своей стране. Ганс Моргентау рассматривает международные отношения как арену противоречий между странами.

Целью исследования является проведение сравнительно-аналитического анализа теоретического дискурса концепции «национальный интерес», встречающегося в литературе. Основными направлениями исследований являются обновление существующих представлений о концепции на основе новых геополитических реалий, рассмотрение теоретического дискурса национальных интересов путем предоставления экспертного определения концепции. Научная и практическая значимость работы заключается в важности теоретического дискурса инициативных акторов XXI века в активной защите своих национальных интересов. В качестве

метода исследования использовался сравнительно-аналитический метод, поскольку сегодня в связи с актуальностью темы акторы активно применяют новый подход. Исторические результаты также показывают актуальность фактора посредством практических рекомендаций экспертам и лицам, принимающим политические решения, в зависимости от основных результатов исследования, анализа и концепции. В то же время лица, принимающие решения, не утратили свою значимость не только в актуальности современных идей, но и в концептуальных идеях теоретиков, применяемых в статье. Важность исследования заключается в небольшом вкладе в социальные и гуманитарные науки посредством теоретического дискурса демонстрации анализа. Практическая значимость результатов работы заключается в восприятии академической средой и лицами, принимающими практические решения в качестве рекомендации.

Ключевые слова: национальные интересы, политический реализм, теория международных отношений.

Кіріспе

Тақырыптың өзектілігі «мемлекет» пен «ұлт» ұғымдарының тығыз байланыстарын ашып көрсетіледі. Ұлт – мемлекеттің қалыптасуының негізі мен қайнар көзі, яғни мемлекеттің қалыптасуы, дамуы барысында «ұлттық мүдде» санаты ең негізгі фактор болатындығы сөзсіз және айқын азаматтық қоғамда көрініс табады. Мемлекеттің негізін қалаған ұлттың өмір сүру құқығын мойындау – ол сол мемлекеттің ұлттық мүддесін мойындау дегенді білдіреді. Ұлттық мүдделер доктринасы жоқ мемлекеттер болмайды. Бұл доктрина мемлекеттің құндылықтық-нормативтік ұстанымдары мен идеологиясына негізделеді. Егер әр мемлекет өзінің ұлттық мүддесінің нақты анықтамасын бермесе, онда мемлекетаралық қатынастарда әртүрлі деңгейдегі түсінбеушіліктер пайда болатындығы сөзсіз. Ұлттық мүддені нақты жариялау мемлекеттің қауіпсіздік шараларының бірі, себебі сол арқылы мемлекеттер арасында туындайтын қайшылықтарға жол берілмейді. Мемлекеттің өркендеуіне бағытталған еш өзгермейтін ұлттық мүдделері бар. Сонымен қатар, белгілі бір жағдайда мемлекеттің жүзеге асыратын іс-әрекеттеріне бейімделіп, өзгеріп тұратын ұлттық мүдделер бар.

Алғаш рет «ұлттық мүдде» санатын ғылыми сараптамалық талдау жасай бастаған саяси реализм мектебінің бағыты болды. Саяси реализмнің ең танымал өкілдері Р. Нибур, Ф. Шуман, Дж. Кеннан, Дж. Шварценбергер, К. Томпсон, Г. Киссинджер, Э. Карр, А. Уолферс т.б., ал көшбасшылары сөзсіз Г. Моргентау және Р. Арон болды.

Зерттеу тақырыптың нысаны болып, «ұлттық мүдде» тұжырымдамасының теориялық қырлары болып табылады. Пәні ретінде тұжырымдаманың салыстырмалы сараптамасын анықтау болып табылады.

Зерттеу тақырыбы бойынша салааралық болмысы тұрғысынан ұлттық мүдде тұжырымдамасын сараптамалық талдау әдіснамасы негізінде – халықаралық қатынастар, саясаттану, әлеуметтану, экономика, тарих саласындағы шетелдік, ресейлік және отандық авторлардың ғылыми еңбектеріне негізделген. Зерттеу барысында негізінен ұлттық мүдде парадигмасы аясындағы тәсілдер орындалды. Мақала пәнінің ерекшелігіне қарай, зерттеудің әдіснамасы ретінде жалпы гуманитарлық ғылымдағы әдістер қолданылды – тарихи принцип, сараптама, синтез, абстрактіліктен нақтылыққа өрлеу, жүйелік талдау тәсілі, сонымен қатар экспликативті әдістер, оның ішінде мәтіндерді сараптау арқылы бағалау және философтар мен саясаттанушылардың немесе ресми тұлғалардың белгілі бір жағдайлық оқиғаларға байланысты бағалау қатынастарын анықтау үшін алғаш рет америкалық зерттеуші Г. Лассуел қолданған контент-сараптама. Р. Аронмен ұсынылған тарихи-әлеуметтанулық әдісі, когнитивті картирлеу әдісі, сонымен бірге оқиғаның барысы мен қарқындылығын анықтау үшін ивент сараптама. Саяси реализм теоретигі Г. Моргентаумен ұсынылған тарихи сипаттамалық әдісі. Реализм, либерализм және конструктивизм теориялары негізіндегі ғылыми жұмыста тарих ғылымының, халықаралық қатынастар тарихы мен геосаясат теориясының негізгі идеялары, тұжырымдамалары және категориялары қолданылды. Ұлттық мүдде түсінігін біртұтас мағынада күрделі және көп сатылы құбылыс ретінде қоғамның саяси мәдениетімен және мемлекет ішіндегі әлеуметтік-экономикалық үрдістермен тікелей өзара байланыстарды қарастыру арқылы жүйелік сараптама қолданылды.

Таңдалған тақырыптың негіздемесінде алдыңғы зерттеушілердің тәжірибелері негізінде проблемалық жағдайдың бар екендігі айтылды. Атап айтсақ, ұлттық мүдде – ең маңызды

мүдделердің бірі ретінде мемлекеттің шет елдермен қарым-қатынас орнату бағытындағы қырларына бағытталған саясат ретінде қарастырылады. Бұл бағыттаушы құрал болуы мемлекеттің мақсаттарына қол жеткізу екендігі анық (Weldes, 1996, p. 276; Edmunds, Gaskarth and Porter, 2014, p. 504). Ұлттық мүдде тұжырымдамасы реалистік көзқараспен кең деңгейдегі байланыстағы қауіпсіздік, яғни мұндағы халықаралық қатынастар негізгі мақсатқа айналады (Humphreys, 2015, p. 571). Бұл тұжырымдама, дегенмен, қазіргі заманға бейімделуі керек, яғни жаһандану кезеңінде барлық болып жатқан өзгерістер бүкіл әлемде қиын болуы мүмкін ұлттық мүдделердің қорғалуында болып табылады. Ұлттық мүдделер басқа акторларға әсер етеді, мысалы, «ұлттықтан жоғары мүдде» ретіндегі қағида кезінде өзінің өзектілігін жоғалтқан емес (Кіуono, 1969, p. 3). Мұндай үдеріс саяси шешім қабылдаушылардың жаңаша көзқарастағы мәселелерді қарастыруға мәжбүр етеді, сонымен қатар басқа да акторларына қатысты жағдайлар іске асырудың тәсілдерін сыртқы саясат арқылы жүзеге асырылады. Тақырыптың шеңберін ашып көрсету мақсатында авторлар салыстырмалы сараптама жүргізу арқылы, зерттеу сұраққа жауап ретіндегі маңыздылығын әдебиеттерге шолу жасай отырып қол жеткізді.

Ғылыми әдіснама

Саяси реализм өкілдері ұлттық мүдделерге немқұрайды қарау кез келген мемлекет үшін қате саясат екендігін дәлелдей бастады, себебі ұлттық мүддені қорғау мемлекетті қауіп-қатерден сақтайды. Ол мемлекеттің халықаралық саясатының тұрақты негізі, сондықтан да әлемдегі барлық мемлекеттер үшін бұл ұғым үстем болу керек деп санайды. Мемлекетінің ұлттық мүдделерін терең түсіну және іске асыру сол мемлекеттің басқару жүйесінің дұрыс саясатының көрінісі. Саяси реалистер ұлттық мүдделер мен қоғамдық мүдде арасында теңдік белгісін қоймайды, себебі, реалистердің пайымдауынша, ұлттық мүдделер сыртқы саясатқа қатысты ұғым екендігін жеткізген. Ұлттық мүдде мемлекеттің тек азаматтарының және сондай-ақ мүдделерінің шеңберімен шектелмейді. Ұлттық мүдделер әлеуметтік, экономикалық, геостратегиялық, саяси факторларды қамтиды. Әрине, ұлттық мүдделердің қалыптасуы мен дамуына ғаламдық процестер әсер етеді.

Реалистердің пікірі бойынша:

а) ұлттық мүдде барлық елдер мен мемлекеттер үшін үстем ұғым болу керек;

ә) ұлттық мүдделерге немқұрай қарауға болмайды, себебі, бұндай саясат мемлекетке қауіп-қатер төндіреді;

б) ұлттық мүдде объективті құбылыс екенін түсіну керек;

в) ұлттық мүдде мемлекеттің географиялық жағдайының, экономикалық, саяси және мәдени дамуының ерекшеліктеріне негізделген;

г) «ұлттық мүдде» мемлекеттің халықаралық саясатының тұрақты негізі (Трухачев, 2010).

Халықаралық қатынастар теориясында екі танымал автор өздерінің еңбектерінде талқылап отырған ой-пікірлерімізді қорытындылап сарптау үшін саяси реализм бағытының, бірі діни тұрғыдан, екіншісі ғылыми тұрғыдан негізін қалаған ғалымдар Рейнгольд Нибур мен Ганс Моргентаудың ғылыми көзқарастарына *салыстырмалы сараптамалық талдау* әдісі арқылы жасап сыни тұрғыдан салыстырып көрейік.

Результаты и обсуждение

Рейнгольд Нибур өзінің «Радикальный монотеизм и западная культура» деген еңбегінде ұлттық мемлекет – ол өзіне тән миссиясы бар қауымдастық деген қорытынды жасайды. Нибурдың пайымдауынша, ұлттық мемлекет осы мемлекеттің азаматтарына, сыртқы әлемге өзін жоғары іс жүргізуге міндеттеме алған қоғам. Ұлттық мемлекетте қалыптасатын ерекше екі жақты жағдай, олар:

мемлекеттің азаматтары мемлекеттің трансцендентальды іс-әрекетіне толық сенім білдіреді; мемлекет азаматтарынан өзіне деген адалдықты қажет етеді.

Нибур батыс қоғамының саяси және діни өмірінде сенім арқылы мемлекетке деген сенімділіктің бар болуын және де жоқтығын анықтау үшін үш маңызды мәселеге назар аудару керек дейді:

- мемлекет өз азаматтарының сеніміне арқа сүйей алады ма?

- ұлт мемлекеттің трансценденттік ісін мойындай отырып біріккен қауымдастық бола алды ма?

- мемлекеттің азаматтарында ұлт ісіне және ұлттың өз-өзіне сенеді деген пікірге сенімділік бар ма? (Нибур, 1996)

Рейнгольд Нибур батыс елдеріндегі саяси қауымдастықтарда құндылықтар орталығына деген сенімділік айқын байқалмайды дейді.

Саяси мағынада сенімділікке деген апелляция мемлекет азаматтарын ұлттың өзіне, халыққа немесе демократияға сенім артуға қаншалықты қарқынды түрде тарта алатындығынан айқын көрінеді.

Оның пікірінше, сенімділік дегеніміз бәріне құндылық беретін және осы құндылықты сақтайтын құндылық орталығына деген сенім. Сондықтан, саяси өмірде сенімділіктің орталығы әлеуметтік сенім сипатына ие болған қоғамдастық болу керек, – деген пікірге келеді.

Кейбір тарихи кезеңдерде, белгілі бір ілімдер мен тәжірибелік іс-әрекеттерге байланысты, сенім бостандық мәселесіне қатысты қарастырылады. Сөз және баспасөз бостандығы, зерттеу бостандығы қоғамдағы адамдарға шындық – өтірікті жеңетініне, өмірдің, тәртіптің немесе әділеттіліктің дұшпаны емес екендігі туралы сенім пайда болған жағдайда ғана тарала алады.

Саяси өмірде сенімділік деген ол қоғамның өзі азаматтарына, азаматтардың бір-біріне, ұлтқа және қоғамның өзіне, сонымен қатар трансценденталды құндылық орталықтарына деген сенім екендігі байқалады. Бұл сенімділіктердің жалғасы адалдық, сондықтан ортақ істің іске асуы адал адамдардың, азаматтардың болуына байланысты.

Сенімділікпен қатар теңдік жүреді. Нибур кепіл ретінде теңдік қағидаты жаңа міндеттемелерге алып келеді дейді. Теңдік соттардың, заңнамалық тұрғыдағы мәжілістерде дәйекті шешімдерінен кейін, күнделік басқару үдерісі барысында ұлттық және мемлекетаралық саяси іс-әрекеттерде жанаруы керек (Нибур, 1996, 293). Теңдікке қатысты жанжал дін мен саясат арасында емес, ол саяси өмірде көрініс тапқан сенімдер арасындағы жанжал, – деп есептейді.

Сенімнің плюралистік, генотеистік, монотеистік түрлері келесі қағидаттарды қабылдаумен және қолданумен біріктіріледі:

- құзыретті шектеу;
- шарттардың қасиеттілігі;
- адамдардың емес, заңның үстемдігі;
- көпшілік билікті қабылдау және азшылықтардың құқықтарын құрметтеу.

Генотеизмде халықтың дауысы мен таңдауы – Құдайдың дауысы, немесе Құдай – ол халық. Үкімет – басқарылатындардың келісімі негізінде емес, олардың еркімен пайда болады. Халықтың пікірі (немесе көпшіліктің пікірі) – бұл заң шығарушылар мен судьялар үшін ең маңызды негіз болатын қағида. Қате және дұрыс таңдау солардың таңдауына байланысты анықталады.

Сондықтан, ұлттық мүдде ол мемлекет үшін ең маңызды ұғым, себебі ұлтқа деген адалдық – бұл азаматтар мен мемлекет басқарушыларының арасындағы адалдық ең жоғарғы деңгейі екендігі айқындалады.

Демократиялық үдеріс монотеистік сенім аясында жүруі мүмкін. Бұл тұрғыдан, ешқандай билік – мемлекет болсын, сол мемлекеттің халқы немесе тирандары болсын – абсолютті егемендікке немесе шексіз адалдыққа үміт арта алмайды. Бір ұлтқа өмір сыйлаған күш басқа ұлттарға да өмір сыйлады, сондықтан барлық ұлттардың өмір сүруі, бостандық пен өркендеу құқықтары жалпы әмбебап адамзаттық қоғамдастықта тең. Адамдар болмыстың абсолютті қайнарқөзіне және тіршілік иесін сақтайтын абсолютті қуатқа сүйене отырып, өз пікірлерінің абсолютті емес, салыстырмалы екендігіне келіседі, сондықтан бар күш-жігерін жалпыға бірдей сенімді білдіретін саяси шешімдерді іске асыруға жұмсайды. Генотеистік немесе монотеистік демократия туралы мәселе ұлттық альтруизм немесе ұлттық эгоизм немесе біз жақсы көретін, жақсы көрмейтін нәрселер туралы мәселе емес. Генотеистік немесе монотеистік демократия адамдардың неге абсолютті сенімділік пен адалдық білдіретіні туралы мәселе (Нибур, 1996, 297).

Ганс Моргентау өз кезегінде, екінші дүниежүзілік соғыстың апатына әкелген әлемдік саясаттың тәжірибесін сараптап, болашақта осындай апаттың алдын алуға бола ма? – деген мәселеге өзінің көзқарасын білдірді (Антанович, Достанко, 2000).

П. Цыганков өзінің «Политическая социология международных отношений» деген монографиясында саяси реализм бағытын жан-жақты талдаған.

П. Цыганковтың айтуынша, Ганс Моргентау халықаралық қатынастарды – мемлекеттер арасындағы өткір қарама-қайшылықтардың сахнасы деп санаған.

Кез келген мемлекеттің халықаралық іс-әрекеттерінің мақсаты – өзінің күшін нығайтып, күшею немесе басқа мемлекеттерді әлсірету. Бұл тұрғыдан «билік» кең мағыналы термин ретінде қарастырылады, ол мемлекеттің:

- а) әскери және экономикалық күші;
- ә) тұрақты қауіпсіздігі мен өркендеуінің, даңқ пен беделінің кепілі;
- б) идеологиялық қағидалары мен рухани құндылықтарын тарату мүмкіндігі (Медеубаева, 2006).

Мемлекет өз қолына билікті әскери стратегия және дипломатия (және де осы екі ұғымды

мемлекеттің сыртқы саясатының қосымша қырлары ретінде қарастыруға болады) әдістерін пайдаланып алады.

Әскери стратегия күшпен, зорлықпен жүргізілетін саясаттың жалғасы, ал дипломатия – билікке бейбіт жолмен келетін күрес.

Қазіргі дәуірде, Г. Моргентаудың пікірінше, мемлекеттер билікке деген қажеттілікті «ұлттық мүдде» тұрғысынан білдіреді.

Әр мемлекеттің өзінің ұлттық мүдделерін барынша қанағаттандыруға деген ұмтылысының нәтижесі – ол әлемдік сахнада биліктің белгілі бір тепе-теңдігінің құрылуы. Осындай тепе-теңдіктің болуы әлемді қауіпсіздендірудің жалғыз нақты әдісі. Мемлекеттер арасында бейбіт қарым-қатынастардың орнауы – тепе-теңдіктің көрінісі (Антанович, Достанко, 2000).

Мемлекеттердің билікке деген ұмтылысын шектей алатын екі фактор бар – халықаралық құқық және мораль. Алайда мемлекеттер арасындағы бейбітшілікті қамтамасыз ету ниетінде тек осы факторларға үлкен сенім білдіруге болмайды. Соғыс пен бейбітшілік мәселесінің ұжымдық қауіпсіздік тетіктері арқылы немесе БҰҰ арқылы шешілуі мүмкін емес. Әлемдік қауымдастық немесе әлемдік мемлекет құру арқылы ұлттық мүдделерді үйлестіруге де утопия. Әлемдік ядролық соғысқа жол бермеудің жалғыз жолы – дипломатияны жаңарту.

П. Цыганков Г. Моргентаудың алты ұстанымының қысқа мазмұнын ұсынып отыр:

1. Саясат, жалпы қоғам сияқты, түп тамыры мәңгілік және өзгермейтін адамдық сипаттағы объективті заңдармен басқарылады. Сондықтан салыстырмалы түрде болса да, осы заңдылықтарды көрсете алатын ұтымды теорияны құру мүмкіндігі бар.

2. Саяси реализмнің басты көрсеткіші – билік терминдері арқылы көрініс табатын мүдде тұжырымдамасы. Мүдде тұжырымдамасы халықаралық саясатты терең түсінуге бағытталған сана мен танымға бейімді белгілі фактілерді байланыстыратын ұғым. Мүдде тұжырымдамасы саясатты этикалық, эстетикалық, экономикалық немесе діни салалардан ерекше тәуелсіз сала ретінде түсінуге мүмкіндік береді және маңызды екі факторға назар аударады:

а) саясаткердің мүдде туралы ой-пікірін оның тәртібіне байланысты емес оны ынталандырған себептердің негізінде қарастыру керек;

ә) саясаткердің мүддесін «қызметтік міндеттерден» гөрі, оның идеологиялық немесе

моральдық ұстанымдарына байланысты екенін түсіну керек.

Саяси реализм рационалды саясатты қажет етеді. Рационалды саясат дұрыс саясат болып табылады. Өйткені ол тәуекелдерді азайтып, пайданы барынша арттырады. Сонымен қатар, саясаттың рационалдығы қаншалықты дұрыс екендігі оның моральдық және тәжірибелік мақсаттарына байланысты.

3. Билік ұғымының терминдері арқылы қарастырылатын «мүдде» түсінігінің мазмұны тұрақты болмайды. Себебі, бұл жағдайда мүдде мемлекеттің халықаралық саясатын қалыптастыру барысындағы саяси және мәдени контекстке байланысты. Бұл «күш» (power), «саяси тепе-теңдік», «мемлекет-ұлт» деген ұғымдарға да қатысты. Қазіргі әлемді қалай өзгерту керек деген мәселені қарастыру барысында саяси реализм басқа теориялық мектептердің бәрінен ерекше пікірі бар бағыт. Саяси реализм әлемнің алға дамуына апаратын өзгерістерге тек тарихта қолданылған, болашақта қолданыла беретін объективті заңдарды шебер қолдану арқылы ғана қол жеткізуге болатынына сенімді.

4. Саяси реализм саяси әрекеттің моральдық маңыздылығын мойындайды. Бірақ сонымен бірге ол моральдық императив пен сәтті саяси әрекеттің талаптары арасындағы сөзсіз қайшылықтың бар екенін түсінеді. Негізгі моральдық талаптарды мемлекет қызметіне абстрактілі және жалпыға бірдей норма ретінде қолдануға болмайды. Оларды орын мен уақыттың нақты жағдайларында қарастырған жөн. Халықаралық саясаттағы ең жоғары моральдық қасиет – байсалдылық пен сақтық.

5. Саяси реализм кез келген ұлттың адамгершілік ұмтылыстарын жалпыадамзаттық моральдық нормалармен сәйкестендіруден бас тартады. Әр ұлт өз саясатына байланысты өзінің моральдық заңдарына бағынады, мысалы араб-израиль қақтығысындағы ұлттық мүдделердің қарама-қайшылығында. Оны халықаралық қатынастардағы жақсы мен жаманды айыру мәселелерімен бір қатарға қоюға болмайды.

6. Саяси реализм теориясының негізі адам табиғатының плюралистік тұжырымдамасы. Шынайы адам – бұл «экономикалық адамы», «моральдық адамы», «діни адамы» т.б. Тек «саяси адам» хайуанға ұқсас, себебі оның моральдық тежегіші жоқ. Тек «моральды (адамгершілігі бар) адам» – ақымақ, өйткені ол адамда сақтық жоқ. Тек «діндар адам» ғана қасиетті бола алады, өйткені оның пендешілігі аз (Цыганков, 1994).

Г. Моргенттаудың жоғарыда көрсетілген алты қағидаларының барлығын саяси реализм бағытын жақтаушылар бірауыздан бөлісе бермейді.

АҚШ ұлттық қорғаныс университетінің профессоры Р.Л. Каглер 2002 жылғы АҚШ ұлттық қауіпсіздік стратегиясын сараптай келе, аса маңызды негізгі бағыттарға көңіл аударып айқындайды. Қауіпсіздік саласында басқа да дәстүрлі емес мақсаттарға қол жетпес бұрын АҚШ-тың ұлттық қауіпсіздік стратегиясында «тұлға абыройы мен ар-намысын құрметтеу мақсатындағы талпыныстарды қорғау» немесе «ашық қоғам мен демократия жолымен дамытуға атсалысу», – деп атап көрсетеді (Каглер, 2019). Осыған қатысты қарама-қарсы сұрақтардың туындауына орай: ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында бұл бағыттар шын мәнінде белгілі бір мақсаттарды көздей ме? немесе америкалық жаһандық саясатының идеологиялық тұғырнамасын қолдай отырып «ақтау» мақсатындағы атқарған рөлінің функциясын атқарғандығында ма? Әрине, аталмыш тұжырымдамалар мен ой өрбіту үрдістері шыннайы түрдегі АҚШ-тың ұлттық қауіпсіздігіне төнген қауіп-қатерлерімен байланысы жоқ, алайда толық зерттеу арқылы сараптама жасай келе түбінде прагматикалық әдіс жатқанын ескереміз. АҚШ-тың ұлттық қауіпсіздігі үшін шын мәніндегі «ашық қоғамды нығайту» мағынасын түсіну үшін «ашық қоғам» концепциясының авторы К. Поппер және қазіргі кезеңдегі (XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың басында) белсенді насихаттаушысы Д. Соростың ғылыми еңбектерінде айқын көреміз. К. Поппер «Ашық қоғам және оның жаулары» атты ғылыми еңбегінде «гректер әлем тарихындағы ең үлкен және ауқымды революцияны бастады, мүмкін әлі де болса сол революциялар өзінің бастапқы деңгейінде бола тұра – жабық қоғамнан ашық қоғамға өту кезеңінде»

(Поппер, 1992) екендігін ашып көрсетеді. Спартаны жабық қоғам ретінде қарастыра отырып автордың пікірінше, Спарта саясатының негізі келесі принциптерге сүйенді: дәстүрге сүйенген тайпалық рулардан қалыптасқан қоғамды қорғау, антигуманизм, автаркия, антиуниверсализм немесе партикуляризм, көршілерге үстемдік жасау, мемлекеттердің өте үлкен және әлеуеті жағынан күшті болып қалыптасуына жол бермеу. Осы ретте К. Поппер, жабық қоғамның аса ірі маңызды қауіп-қатерлері болып – мәдени байланыстар, сауда-саттық және теңізде жүзу сияқты қорытынды тұжырымдамаларға келді. К. Поппердің пайымдауынша, Афины демократиясы тарих шеңберінде қалыптасқан көп жылдар бойы дәл осы қасиеттерімен ерекшеленді (Поппер, 1992, 229). Д. Сорос болса, К. Поппер идеяларының маңыздылығын ашық қоғамның жетілдіруінде, – деп түсінеді, әрі Д. Соростың пікірінше, бұл концепция неғұрлым маңыздылығын тапса, соғұрлым өзгерістерге ұшырайтын жағдайларды туғызады. Әлемдік экономикаға байланысты, ол (ашық қоғам) өзгерістерге ұшырататын қуатты қозғалтқыш күші рөлін атқаруға септігін тигізеді, – деп пайымдайды (Сорос, 1998).

Соған қарамастан, Г. Моргенттау тұжырымдамасының тұжырымдамалы үйлесімділігі, қоғамның дамуын түсіндіруде объективті заңдарға сүйенуге ұмтылуы, халықаралық шындықты объективті және мұқият талдауы саяси реализмнің беделінің кеңеюіне ықпал етті.

Р. Нибурдың адам баласының болмысының күрделілігі және халықаралық саясаттың бірауыз бола алмайтындығы табиғаттан берілген, өзгермейтін қағидалар деген пікірі Ганс Моргенттаудың «Ұлттар арасындағы саясат» еңбегінде бірінші постулат болды. Соған байланысты Р. Нибур мен Г. Моргенттауға ортақ идеялар бар екендігі байқалады, олар:

1-кесте – Р. Нибур мен Г. Моргенттау пікірлері қағидаларының ортақ идеялары (Победаш, 2007)

Қағида	Рейнгольд Нибур	Ганс Моргенттау
Халықаралық қатынастардағы анархияның қайнар көзі – ол ...	бәсекеге түскен ұлттық топтардың арасындағы билікке деген ұмтылыс	бәсекеге түскен мемлекеттер арасындағы билікке деген ұмтылыс
Халықаралық қатынастардағы анархияны жоюға тырысады – олар...	моралистер	саяси идеалистер
әлемде белгілі бір тұрақтылыққа қол жеткізуге мүмкіндік береді ме?	қарама-қайшы мүдделер арасында орнатылатын тепе-теңдік	қарама-қайшы мүдделер арасында орнатылатын тепе-теңдік
әлемде белгілі бір тұрақтылыққа қол жеткізуге мүмкіндік бере алмайды ма?	моральдық императивтер мен рационалды ойлардың негізінде құқықтарды қанағаттандыру мен келісімге келу	моральдық императивтер мен рационалды ойлардың негізінде құқықтарды қанағаттандыру мен келісімге келу

Қағида	Рейнгольд Нибур	Ганс Моргентау
Адамдар ұжымдық тіршілікте....	адамдардың жеке тұлға ретінде ұстанатын идеалдарына сәйкес ұжымдық тіршілік құра алмайды	мемлекеттік қызметкер абстаркті моральдық қағидат үшін ұлттық мүддеге нұқсан келтірмеу керек, лл оның жауапкершілігі
Адамның табиғатындағы кемелсіздік өзгермейді деген ой туралы...	адамның кемелсіздігін алғашқы күнәмен байланыстырады	Бұл пікірді ешқандай діни ұстанымдармен байланыстырмайды. Саяси реализмнің ғылыми табиғаты мен объективтілігін баса көрсетеді

Саяси реализм неге халықаралық қатынастардың өзегі болатын буын деңгейіне көтерілмеді? Цыганковтың пікірінше, оған саяси реализмнің елеулі кемшіліктері кедергі болды:

- саяси реализм халықаралық қатынастарды билік үшін болатын күш-қақтығыстың «табиғи жағдайы» деп түсіндіреді, сондықтан халықаралық қатынас мемлекетаралық қатынастармен бір қатарға қойылады. Бұл халықаралық қатынас ұғымының мән-мағынасын айтарлықтай төмендетеді;

- саяси реалистердің интерпретациясында мемлекеттің ішкі және сыртқы саясаты бір-бірімен байланыссыз және мемлекеттердің өздері сыртқы әсерге реакциялары ұқсас ауыспалы механикалық денелер сияқты қарастырады. Айырмашылықтары сол – кейбір мемлекеттер мықты, кейбіреулері әлсіз.

Күштің ролін абсолюттендіру және басқа факторлардың маңыздылығын бағаламау (рухани құндылықтар, әлеуметтік-мәдени болмыс және т.б.) халықаралық қатынастарды едәуір деңгейін төмендетеді:

саяси реализм теориясындағы «күш» және «ұлттық мүдде» деген ұғымдардың мазмұны бұлыңғыр;

саяси реализм қазіргі халықаралық қатынастардың сипатын арттыратын маңызды үрдістер мен өзгерістерді елемей, әлемде елдер мен мемлекеттер өзара әрекеттесу барысында өзгермейтін объективті заңдарға негізделеді;

саяси реалистер бұл өзгерістер халықаралық қатынастарды ғылыми талдау барысында жаңа әдістер мен құралдарды қатар қолдануды қажет ететіндігін ескермей отыр (Цыганков, 1994).

Саяси реализмді жақтамайтын бағыттардың өкілдеріне аталған кемшіліктер объективті сын негізі болып отыр.

Жалпы, халықаралық қатынастарды зерттейтін теориялардың өкілдері арасындағы ғылыми пікірталастар қалыптасқан шынайы жағдайды саяси талдау барысында әлеуметтану

ғылымының талдауымен толықтыру қажеттілігі туындап отыр.

Алайда, мұндай сараптамалық талдау жасаудың тәсілі өз кезегінде қарсы пікірлер туындауында. Біріншіден, «ұлт» термині латынның «natio» сөзінен шыққаны белгілі. Қазақ тіліне аударғанда «халық» – деген мағынаны білдіреді. Сол себептен, ұлттық қауіпсіздік туралы айтқанымызда, біз ең алдымен аталған елдердің барлық халқының (ұлттарға, діндерге, нәсілдерге бөлмей) қауіпсіздігін ескереміз. Екіншіден, «ұлттық мүдде» мен «мемлекеттік мүдде» ұғымдарын теңдестіруге болмайды. Жалпы, олар сәйкес келуі қажет, бірақ олай үнемі болмайды. Қауіпсіздік тұрақтылықпен өзара байланыста әрқашан бірге жүреді. Тұрақтылық деп – деструктивті факторлардың ықпалымен өз қызметтері мен қасиеттерін (немесе оларды тез қалпына келтіру) сақтайтын жүйенің қабілеті түсіндіріледі. Осы ретте Бельгия ғалымы, Нобель сыйлығының лауреаты И. Пригожин «тұрақтылық» және «тұрақсыздық» ұғымдарын түсіндіре отырып, тілшік (маятник) образын қолданды (Пригожин, 2012).

Қорытынды

Сонымен, қауіпсіздік пен тұрақтылық арасында тікелей тәуелділік пен байланыс бар екендігі белгілі. Жүйе неғұрлым тұрақты болса, соғұрлым оның ішкі және ұлттық қауіпсіздігінің деңгейі жоғары болады. Олай болса, тұрақтылық – жүйе қауіпсіздігінің дәрежесін сипаттайтын көрсеткіштердің бірі болып табылады. Сондықтан, ұлттық қауіпсіздік көбінесе қоғам тұрақтылығына, экономикалық, саяси-әлеуметтік, әскери және басқа да қоғамдық қатынастарға тәуелді болады (Мұқан, 2014). Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қарапайым халықтың қамы емес және тек қауіп-қатерді жоюға ғана бағытталмайды. Сондай-ақ, қауіпсіздік – бұл қоғамның аман қалуы ғана

емес, мемлекеттің, бірыңғай экономикалық және қорғаныс кеңістігінің егемендігі мен тұтастығын сақтау үрдісі, сонымен бірге қоғамның тұрақты түрдегі жұмыс істеп қызмет атқаруы мен дамуы үшін жағдай жасау болып табылады.

Осы ретте қазақстандық саясаттанушы Е.Т. Карин «Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздігінің ішкі саяси аспектілері» атты ғылыми еңбегінде, Қазақстан Республикасындағы ұлттық қауіпсіздік концепциясы, ең алдымен мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігінің мән-мазмұнын айқындауға алып баратын жолдың басы – республиканың ұлттық мүддесіне деген ресми көзқарастар жүйесі ретінде қаралады. Сондай-ақ, ол елдің ішкі және сыртқы әлеуетін айқындап отырады. Осыдан келіп, Қазақстанның ұлттық мүддесі деп қанағаттандырылуы мен қорғалуы елдің өмір сүруі ғана емес, ілгері даму үшін де қажетті шарт болып табылатын қазақстандық әлеуметтік мәдени қауым мүшелерінің баршасына ортақ қажеттіліктер мен мүдделер жиынтығын түсінген жөн. Бұл қажеттіліктер республиканың әлеуметтік-экономикалық, ресурстық және саяси құрылыс ерекшеліктерінен, оның экономикалық даму деңгейінен, халықаралық және аймақтық еңбек бөлінісіндегі тарихи қалыптасқан орнынан, географиялық орналасуының, ұлттық және мәдени дәстүрлерінің ерекшелігінен, яғни геосаяси жағдайлар әр алуандығын құрайтын факторлардың болмыстық табиғатынан туындайды, (Карин, 1999) – деп атап көрсетеді.

Қазақстанның өзіндік ұлттық мүддесінің, ұлттық құндылықтары мен өмір салтының бекемделу үрдісіне, сондай-ақ анық пен ықтимал сыртқы және ішкі қауіп-қатерлерді анықтау ісіне ішкі саяси факторлар едәуір дәрежеде

әсер етті. Мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігінің негізгі параметрлерін қараған жерде ішкі саяси факторларға екпін түсіру әсте де кездейсоқ емес, өйткені Қазақстанның өз ұлттық мүддесін қорғап қалу мүмкіндігі түптеп келгенде тәуелді болып отырған елдің әлеуетін дәл солай белгілейді. Ұлттық мүдделерді өңдеуде және олардың негізіндегі сыртқы саяси шешімдерді қабылдауда мемлекет басшылары объективті экономикалық, саяси, идеологиялық, географиялық, мәдени және өзге де факторларды, ішкі саяси мүдделерді, әр алуан әлеуметтік күштердің саяси айлакерлігін және т.б. ескеру қажет. Сондай-ақ, халықаралық қатынастар саласында осы шешімдерге мүмкін болатын кертартпалықтар ескеріледі.

Жоғарыда айтылғандай, ресейлік пен батыс және қазақстандық авторлары ұлттық және қоғамдық мүдделерді бірінші халықаралық ортамен, екіншілері – мемлекеттегі ішкі жағдайлар (саяси, экономикалық, әлеуметтік және т.б. салалар) ерекшеліктерімен байланыстыра отырып бөледі. Сондықтан, халықаралық қатынастардың батыс теориясындағы ұстанымдар «ұлттық мүдделердің сыртқы саяси қырлары» сияқты тұжырымдамалар қайталамалық (тавтологиялық) болып келе, сонымен қатар сұрақтың мәнін жасыруға қабілетті болып келеді. Шынымен де, көрсетілген ұғымдарды теңдестіру жағдайында «ұлттық мүдденің» не редуцияланатындығына (және сәйкесінше, сыртқы саясат – ішкіге), не мемлекет құрылымының сыртқы саяси мақсаттары мен этникалық топтардың қажеттіліктерін, сонымен бірге тұлға мүддесін қарама-қарсы ретінде бағалауға мүмкіндік бере отырып мемлекеттіктен ажырауына әкелуі мүмкін.

References

- Antanovich N., Dostanko E. (2000) Gans Morgentau: realisticheskaya teoriya mezhdunarodnoy politiki // Belorusskiy zhurnal mezhdunarodnogo prava i mezhdunarodnykh otnosheniy. [Hans Morgenthau: a realistic theory of international politics // Belarusian Journal of International Law and International Relations] № 1. <http://evolutio.info/ru/journal-menu/2000-1/2000-1-dostanko> (In Russian)
- Gaskarth, J. and Porter, R. (2014). 'Introduction British Foreign Policy and the National Interest', *International Affairs*, 90 (3): 503-507 pp.
- Humphreys, A.R.C. (2015). 'From National Interest to Global Reform: Patterns of Reasoning in British Foreign Policy Discourse', *BJPIR*, 17 (1): 568-584 pp.
- Kagler R.L. (2019). *Amerikanskiy internatsionalizm v usloviyakh globalizatsii* [American internationalism in the context of globalization.] Retrieved from <http://www.if.tsu.ru/Sokol/USA7.htm> (In Russian)
- Karin E. (1999). *Qazaqstan Respwblıkası ulttuq qawipsizdiginiñ işki sayası aspektileri: sayası ғыl. kand. ... dıs.* [Domestic political aspects of national security of the Republic of Kazakhstan: political science. candid. ... Diss.] – Almaty: Al-Farabi. Kazakh State National University. – 19 p. (In Kazakh)
- Kiyono, K. (1969). 'A Study on the Concept of the National Interest of Hans J. Morgenthau: As the Standard of American Foreign Policy', *Nagasaki University's Academic Output Site*, 49 (3): 1-20 pp.

- Medeubaeva Zh.M. (2006). Xalıqaralıq qatınastar teoriyası: oqıw quralı. [Theory of international relations: textbook.] – Astana: L.N. LN Gumilyov ENU. – 210 p. (In Kazakh)
- Mukan S. M. (2014). Munay-gaz salasındaǵı ulttıq müddeler: älemdik täjirıbe jäne Qazaqstan [National interests in the oil and gas industry: world experience and Kazakhstan] – Almaty, Abylai Khan University, 26 p. (In Kazakh)
- Nibur R.H. (1996). Radikal'nyy monoteizm i zapadnaya kul'tura. [Radical monotheism and Western culture.] P. 283-287. From the books Christ and Culture – Selected works by Richard Nibura and Reinhold Nibura. M.: Lawyer, 1996. 575 p. (In Russian)
- Pobedash D.I. (2007). roniya istorii: «khristianskiy realizm» Reynkhol'da Nibura // Mezhdunarodnyye otnosheniya v XIX-XXI vekakh: sbornik trudov molodykh issledovateley. [Irony of history: “Christian realism” by Reinhold Nibura // International relations in the XIX-XXI centuries: a collection of works of young researchers.] Issue 3. Yekaterinburg: Ural University Publishing House. C. 5-11. (In Russian)
- Popper K. (1992). Otkrytoye obshchestvo i yego vragi [Open society and its enemies] – p. 221-223. (In Russian)
- Prigozhin I. (2012). Ponyatiye natsional'noy bezopasnosti [The concept of national security.] Retrieved from https://ipolitics.ru/articles/database/russia/obsherossijskoe/poniatie__natsionalnoj_bezopasnosti..shtml (In Russian)
- Soros D.K. (1998). K global'nomu otkrytomu obshchestvu [To the global open society.] Retrieved from http://www.gumer.info/bibliotek_Buks/Polit/Article/soros_glob.php (In Russian)
- Trukhachev V. (2010). Natsional'nyye interesy: teoreticheskiy diskurs problemy [National interests: theoretical discourse problems]<https://cyberleninka.ru/article/n/natsionalnye-interesy-teoreticheskiy-diskurs-problemy> (In Russian)
- Tsygankov PA (1994). Politicheskaya sotsiologiya mezhdunarodnykh otnosheniy [Political sociology of international relations.] Retrieved from https://www.gumer.info/bibliotek_Buks/Polit/cugan/index.phpEdmunds
- Weldes, J. (1996). ‘Constructing National Interests’, European Journal of International Journal of International Relations, 2 (3): 275-318 pp.